**Автор**: Әлиасқарова Мейрамкүл Қуанышбекқызы
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Адамгершілік - асыл қасиет
**Тақырып**: Ахмет Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.1.2.1. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау<br>5.2.4.1. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар орындай алады:<br>Тапсырмаларды орындау арқылы өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашады;<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтайды, өзіндік ойларын айтады;<br>Кейбір оқушылар орындай алады: өлең тақырыбы мен идеясын аша отырып, өмірмен байланыстырады, дәлелдер келтіреді, алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазады. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады:<br>Шығармадан алған әсерін көркем тілмен бере біледі;<br>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Адамдық диқаншысы, еңбек, бейнет, зейнет<br>Талқылауға арналған сұрақтар:<br>1. Ақын өлеңді неліктен «Адамдық диқаншысы» деп атады? 2. Диқаншы деген кімдер? 3. Диқаншы мен «Адамдық диқаншысы» өлеңінің арасында қандай байланыс бар? |
| Бағалау критерийлері: | - Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтай алады;<br>- Тақырыпқа қатысты өзіндік ойларын айтады;<br>- Өлең идеясын өмірмен байланыстыра алады;<br>- Алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазады. |
| Құндылықтарды дарыту: | «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» атты тармағы сабақ барысында іске асырылады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | АКТ-ның әдістерін тиімді пайдалану, білім беру мен тәрбиелеуде BilimLand ресурстарын ұтымды қолдана білу |
| Пәнаралық байланыс: | тарих |
| Бастапқы білім: | Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен шығармашылығы жайлы танысу. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 мин) | Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Шаттық шеңбер» арқылы психологиялық ахуал туғызу. «Сендер білесіңдер, бірақ білмейсіңдер!» Мысалы: Сендер білесіңдер менің бұл сыныпта оқитынымды, бірақ білмейсіңдер өлең жазатынымды т.с.с.) | |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(5- 30 мин) | BilimLand ресурсы<br>Ахметтің өмірі мен шығармашылығын тыңдау.<br><br>«Адамдық диқаншысы» өлеңін тыңдайды. Оқушылар шумақтарын кезектесіп оқиды<br>Ж/А. 1-тапсырма.<br>Өлеңді «Кубизм» әдісін қолдана отырып жан-жақты талдайды.<br>1-топ: ТҮСІНУ. Автордың өлеңде айтқысы келген негізгі ойын түсіндіріп айтыңыз.<br>2-топ: ҚОЛДАНУ. Қазіргі уақытта адамдық диқаншысы секілді қандай адамдарды білесіңдер?<br>3-топ: ТАЛДАУ. «Адамдық диқаншысы» мен «Қыпшақ Сейітқұл» шығармаларын талдап, салыстырыңыз.<br>Дескриптор: Берілген өлеңді талдай алады; салыстыра алады; шынайы өмірмен байланыстыра алады.<br>ҚБ: «Шапалақ соғу» әдісі.<br>Сергіту сәті: (Жаттығу жасайды)<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Тез шынығып аламыз.<br>2-тапсырма. «Хат, өлең жазу» әдісі /imektep.kz/ Өлең мазмұнына сүйене отырып, өз әсерін сипаттап, әңгіме авторына хат не өлең жазу.<br>Мақсаты: Хат, өлең жазу барысында өзіндік пікірін білдіру. Кейіпкерлер өмірін шынайы өмірмен салыстыра алу.<br>Дескриптор.<br>1) Өлең мазмұнына сүйене отырып, өз әсерін сипаттап, авторға хат жазады.<br>2) Хат жазу барысында өзіндік пікірін білдіреді.<br>3) Ойын жинақтап, 1-2 шумақ өлең жазады.<br>4) Кейіпкерлер өмірін шынайы өмірмен салыстыра алады.<br>ҚБ: «Бағалау сэндвичі». Жұпта оқушылар бір-бірінің хатын оқиды, дәптерлеріне кері байланыс жазады. (Маған …. ұнады, себебі … . Енді/Келесі жолы … жетілдіруге болады деген ойдамын. Сонымен қатар … жақсы шыққан, себебі … )<br>https://imektep.kz/kz/oz-oyin-bildiru | BilimLand ресурсы<br>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/axmet-bajtursynovtyng-omiri-men-shyharmashylyhy<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=cl3lFflPuNY<br><br>https://imektep.kz/kz/olen-zhazu<br><br>https://imektep.kz/kz/oz-oyin-bildiru |
| Сабақтың соңы<br>(30-35мин) | ЖИНАҚТАУ. «Адамдық диқаншысы – Ахаң» Bilimland.kz білім беру платформасын тыңдау.<br>“Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?” әдісі арқылы әр топқа жауап сөз беріледі. Осы сөздерге сұрақ дайындайсыңдар?<br>Адамдықтың тұқымы. Диқаншы. Ақын.<br>1. Өлеңдегі адамдық диқаншысы, адалдық нұрын себуші кім?<br>2. Ақын кімге қызмет етуді қалайды?<br>3. Адамның қандай қасиеттерін көрсетпек болған?<br>4. «Жасық болмай, асық бол» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>5. Қазіргі қоғамға қандай қасиеттерге ие адамдар қажет?<br>Бекіту кезеңіндегі орындалатын тапсырмалар https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/axmet-bajtursynovtyng-omiri-men-shyharmashylyhy сілтемесі арқылы, тапсырмалар мен тест жұмысымен қорытындылау.<br>Дарынды оқушылар үшін А.Байтұрсынов жайлы мына сілтемеден тест тапсырмасын орындау.<br>https://itest.kz/kz/test/542983076 | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/11-synyp/lesson/axmet-bajtursynovtyng-omiri-men-shyharmashylyhy<br><br>https://itest.kz/kz/test/542983076 |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Рефлексия<br>(35-40) | Осы bilimland.kz білім беру сайтын қолданудың ерекшеліктеріне, тиімділігіне топтағы бірнеше оқушы «Бағдаршам» әдісі бойынша шағын кері байланыс жасайды, өз ойын білдіреді<br>Кері байланыс: Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жүргізіледі. 1. Сабақтан алған әсерім... 2. Сабақта мен үйрендім... 3. Сабақта үйренгендерім өмірде қажет/қажет емес деп ойлаймын. Себебі... 4. Сабақта мен үшін ең қызықты болған… 5. Сабаққа қатысты ата-анаңа немесе достарыңа қандай мәлімет берер едің? | |